



## 11 (12)-сыныптар/ 11(12) классы Қорытынды аттестаттау / Итоговая аттестация

- ✓ **қазақ/орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілі** (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан
- ✓ **алгебра және анализ бастамалары** пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)
- ✓ **Қазақстан тарихынан** тестілеу
- ✓ орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде **қазақ тілінен** және қазақ тілінде оқытатын мектептерде **орыс тілінен** тестілеу
- ✓ письменный экзамен **по казахскому/ русскому/ уйгурскому/ таджикскому/ узбекскому языку** (язык обучения) в форме эссе
- ✓ письменный экзамен (контрольная работа) **по алгебре и началам анализа**
- ✓ тестирование **по истории Казахстана**
- ✓ тестирование **по казахскому языку и литературе** в школах с русским/ узбекским/ уйгурским / таджикским языком обучения и тестирования по **русскому языку и литературе** в школах с казахским языком обучения



## 9 (10)-сыныптар/ 9(10) классы

### Қорытынды аттестаттау / Итоговая аттестация

- ✓ **қазақ/орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілі (оқыту тілі)** бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)
- ✓ **математика (алгебрадан)** жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)
- ✓ орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы **қазақ тілі мен әдебиеті** бойынша *(мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)* жазбаша емтихан (тестілеу) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы **орыс тілі мен әдебиеті** бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)
- ✓ письменный экзамен **по казахскому/ русскому/ уйгурскому/ таджикскому/ узбекском языку** (язык обучения) в форме эссе, для обучающихся школ с углубленным изучением предметов гуманитарного направления – письменная работа (статья, рассказ, эссе)
- ✓ письменный экзамен (контрольная работа) **по математике (алгебре)**
- ✓ письменный экзамен (работа с текстом, выполнение заданий по тексту) **по казахскому языку и литературе** в классах с русским/ узбекским/ уйгурским/ таджикским языком обучения и письменный экзамен (работа с текстом, выполнение заданий по тексту) **по русскому языку и литературе** в классах с казахским языком обучения

## Білім алушылар

- бекітілген тәртіп нормаларын сақтауға;
- емтиханға бөлінген уақыт аяқталғанда емтихан жұмысын тапсыруға міндетті.

Тестілеу кезінде келесі заттардың болмауы қажет:

- ұялы телефондар
- анықтама материалдары
- оқулықтар мен басқа да әдістемелік әдебиеттер
- сыртқы байланыс және басқа да электрондық құрылғылар (смарт-сағат)
- шпаргалка



- бір-бірімен сөйлесуге;
- орынан орынға ауысуға;
- емтихан материалдарын алмастыруға;
- көшіруге тыйым салынады.

## 2025-2026 оқу жылы: оқушылар қашан емтихан тапсырады?

### 9-сынып



29 мамырдан 11 маусымға дейін

 Математика	29 мамыр
 Таңдау пәні бойынша емтихан	3 маусым
 Оқыту тілі бойынша эссе	8 маусым
 Қазақ/орыс тілі мен әдебиеті	11 маусым

### 11-сынып



2 маусымнан 15 маусымға дейін

 Қазақстан тарихы (ауызша)	2 маусым
 Алгебра және анализ бастамалары	5 маусым
 Оқыту тілі бойынша эссе	9 маусым
 Таңдау пәні бойынша емтихан	12 маусым
 Қазақ/орыс тілі мен әдебиеті	15 маусым

Дереккөз: ҚР Оқу-ағарту министрлігі

## 9, 11 – СЫНЫПТАРДА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

9 (10) сыныпта жазбаша жұмыстарды орындауға – 2 астрономиялық сағат, математикаға (алгебраға) (жазбаша) – 3 астрономиялық сағат (физика-математикалық бағыттағы мамандандырылған мектептерде – 4 сағат) бөлінеді.

11 (12) сыныпта қазақ тілі /орыс тілі және ұйғыр/ тәжік/ өзбек тілінде оқытатын мектептер үшін ана тілі бойынша (оқыту тілі) жазбаша емтиханға 3 астрономиялық сағат, алгебра және анализ бастамалары бойынша 5 астрономиялық сағат бөлінеді.


Қорытынды аттестаттаудан өтетін ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мектептің ұсынымдарына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының шешімімен емтихан тапсыру кезінде қосымша уақыт беріледі.

# Қорытынды аттестаттау

**Алгебра және анализ бастамалары**  
пәнінен жазбаша емтиханға

5 астрономиялық сағат беріледі. Бұл емтихан 5 тапсырмадан тұрады.

Тапсырмалар математикалық фактілерді, түсініктерді және тәсілдерді меңгеру деңгейін анықтауға, есеп шығару және логикалық тапсырмаларды шешу дағдыларын, функционалдық сауаттылығын білуге бағытталған.




**Қазақстан тарихынан ауызша емтихан (билет бойынша);**

Әр билетте 3 сұрақтан болады.

Екі сұрақ Қазақстан тарихының барлық курсының негізгі бөлімдерінен теориялық сұрақтар,

3-ші сұрақ шығармашылық тұрғыдағы тапсырма (карта, кескіндер, портреттер, хронологиялық кестелер пайдалану арқылы тапсырмалар т.б.).





## Қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелері

- "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 14500 болып тіркелді
- Қорытынды аттестаттау өткізу үшін ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Комиссия мектеп директорының бұйрығымен мектептер жанында, білім бөлімі басшысының бұйрығымен аудандық, қалалық білім бөлімдері жанында, басқарма басшысының бұйрығымен білім басқармалары жанында және Министрдің бұйрығымен Министрлік жанында (республикалық мектептер үшін) құрылады.
- Мектеп жанынан құрылған Комиссия құрамына пән мұғалімдері және мектеп директорының орынбасарлары (болған жағдайда), қоғамдық ұйымдардың (болған жағдайда) және ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. Комиссияны мектеп директоры немесе оның орнын алмастырушы тұлға басқарады.
- Мектеп жанындағы Комиссия мүшелерінің саны негізгі және орта мектепте бір бітіруші сынып-кешен болған кезде кемінде бес адамнан және негізгі және орта мектепте екі және одан көп бітіруші сынып-кешен болған кезде кемінде жеті адамнан тұрады.